

"Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 қыркүйек N 1034

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ЖОБА

Қазақстан Республикасының Заңы

Темекі өнімдерінің өндірілуі мен
айналымын мемлекеттік реттеу туралы

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Осы Заң Қазақстан Республикасында темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы
кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) деректердің бірыңғай қоры - темекі өнімдерін өндіру мен айналымы бойынша деректердің электрондық қоры;
- 2) акциздік алым маркалары - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнімнің бірлігіне түсірілетін голографиялық жолағы бар марка;
- 3) темекі өнімдерін өндіру мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - темекі өнімдерінің өндірілуі мен

айналымын мемлекеттік бақылау және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) темекі өнімдерінің айналымы - темекі өнімдерін экспорттау, импорттау, сақтау, көтерме және бөлшек сату;

5) темекі өнімдерін көтерме сату - тасымалдаушылардың көліктік жүкқұжаттар бойынша ары қарай сату үшін қойма жайларынан темекі өнімдерін жөнелтуі;

6) павильон - тез тұрғызылатын конструкциялардан жасалған жиналмалы-құрастырмалы уақытша жай;

7) өндіріс төлқұжаты - темекі өнімін өндірушінің өндіріс қуаттылығының көрсеткіштерін, өндірістің технологиялық процесін сақтау үшін қолда бар жабдықтарды пайдалануды, өндіріс және еңбек шарттарын реттейтін оның негізгі сипаттамасын, үй-жайдың нормативтік талаптарға сәйкестігін, өндірістік залалдар мен олардың сипаттамасы көрсеткіштерін көрсететін белгіленген үлгідегі құжат;

8) темекі өнімдерінің өндірісі - белгіленген ережелер мен стандарттарды сақтаумен темекі өнімдерін дайындау үшін қажет технологиялық процестердің жиынтығы;

9) темекі өнімдерінің бөлшек саудасы - темекі өнімдерін түпкілікті тұтынушыға сату;

10) темекі өнімдері - никотині бар фармацевтикалық өнімдерден басқа құрамында темекі бар кез-келген өнім;

11) тұрақты жай - іргетасы бар, негізгі конструкциясына зиян келтірмей қозғау мүмкін емес, іргелі құрылыс, ғимарат немесе оның бөлігі;

12) фирмалық арнайы дүкен - темекі өнімдерінің өндірушісіне тиесілі және темекі өнімдерін бөлшектеп сатуға арналған тұрақты жай.

2-бап. Заңның мақсаты мен міндеттері

Осы Заңның мақсаты мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау және экономикалық мүдделерді қорғау;

2) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңның сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

3) өндірілетін және импортталатын темекі өнімдерінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау болып табылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңы

1. Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңы Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына сүйенеді және темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымына

байланысты қатынастарды реттейтін осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда көзделген өзге де ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу

1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі, ол уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ осы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу

болып нормативтік-құқықтық актілермен белгіленетін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын бақылау ұғылады.

3. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу өзіне:

1) темекі өнімдерін өндіру, сақтау және көтерме сату қызметін лицензиялау;

2) темекі және темекі өнімдері импортын реттеу;

3) темекі өнімдері өндіру мен айналымы саласында нормалары мен тәртіптерін белгілеу;

4) темекі өнімдері өндірілуі мен айналымын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;

5) темекі өнімдері өндірілуі мен айналымын бақылауды мәлімдеу, мониторинг және деректердің бірыңғай қорын енгізу жолымен жүзеге асыруды қосады.

2-тарау. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу бойынша мемлекеттік органның құзыреті

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын дамытудың мемлекеттік саясатын айқындайды;

2) Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласында нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды;

3) уәкілетті мемлекеттік органды айқындайды.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласында уәкілетті мемлекеттік органның қарауына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңының сақталуына бақылау жасау;

2) акциздік алым маркаларымен сатылуына бақылау жасау;

3) темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының көлемдері теңгерімін бақылау, е с е п ж әне т а л д а у жү р г і з у ;

4) темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы саласындағы қызметке мониторингті ж ү з е г е а с ы р у ;

5) темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының өзара байланысты теңгерімін жасаумен деректердің бірыңғай қорын енгізу;

6) темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының қалыптасқан нақты көрсеткіштерінің мемлекеттік есеп деректері арасындағы сәйкестігін салық және кеден органдары, статистика органдары және басқа мемлекеттік органдар деректерінің негізінде бақылауды жүзеге асыру;

7) өз құзыреті шегінде өзге уәкілетті органдарға темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының қалыптасқан нақты көрсеткіштерінің мемлекеттік есеп деректері арасындағы сәйкес келмеу фактілері бойынша салық және кеден органдары, статистика органдары және басқа мемлекеттік органдар

деректерінің негізінде мәліметтерді жіберу;

8) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша акциздер ставкаларын өзгерту туралы экономикалық негіздемені әзірлеу;

9) темекі өнімдерін өндіру, сақтау және көтерме сату қызметін лицензиялау;

10) темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының көлемдерін мәлімдеу тәртібін белгілеу;

11) өндіріс төлқұжатына енгізілетін мәліметтер тізбесін белгілеу және өндіріс төлқұжаттарын келісу.

7-бап. Уәкілетті органның өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеті

1. Уәкілетті орган темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын бақылау саласында ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасайды, бірлескен бақылау шараларын қолданады, өзара ақпарат алмасуды

қ а м т а м а с ы з

е т е д і .

3. Құзыретті мемлекеттік органдар темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда уәкілетті органға жәрдем көрсетеді.

4. Осы Заңды бұзу фактілерін тапқанда уәкілетті орган бұл жөнінде кінәліні заң актілерімен белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде олар бойынша шара қабылдауға уәкілеттігі бар мемлекеттік органдарға хабарлайды.

3-тарау. Темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы

8-бап. Темекі өнімдерін өндірудің шарттары

1. Темекі өнімдерін өндіруді темекі өнімдерін өндіруге лицензиясы және өндіріс төлқұжаты бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Өндіріс төлқұжатын өндіріс иесі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мәліметтер тізбесі негізінде жасайды.

3. Өндірушіге меншік құқығына ретінде жататын әрі оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін тұрақты жайлар мен жабдықтарда темекі өнімдерін өндіруге рұқсат етіледі.

9-бап. Темекі өнімдерін сату және сақтау шарттары айналымы

1. Темекі өнімдерінің айналымымен Қазақстан Республикасының заңына сәйкес темекі өнімдерін өндіруге лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар айналысады.

2. Қазақстан Республикасының аумағына темекі өнімдерінің импортын темекі өнімдерін өндіруге, сақтауға әрі көтерме сатуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Темекі өнімдерін сату сәйкестік сертификаттары, акциздік алым маркалары бола отырып, темекі өнімдерін сақтауға және көтерме сатуға лицензия негізінде жүзеге асырылады.

4. Темекі өнімдерін бөлшек сату санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін тұрақты жайларда, павильондардың, тұрақты жайлардың жазғы алаңшаларында, вагон-ресторандарда, кәмелетке жасы толғандарға ғана рұқсат етіледі.

5. Темекі өнімдерін өндірушілер темекі сақтауға әрі көтерме сатуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға және/немесе арнайы фирмалық дүкендер арқылы сатуға құқығы бар.

6. Акциздік алым маркаларынсыз темекі өнімдерін сатуға тыйым салынады.

7. Акциздік алым маркаларынсыз сатылатын темекі өнімдері тәркіленуге және одан кейін жойылуға жатады.

8. Тәркіленген темекі өнімдерін жою тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

10-бап. Темекі бұйымдарының өндірілуі мен айналымын мәлімдеу және
м о н и т о р и н г і

1. Темекі өнімдерін өндіру мен айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органға темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымының көлемдері туралы декларацияны тапсыруы міндетті. Декларацияны тапсыру нысанын, мазмұнын, тәртібін және мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

2. Темекі өнімдерін өндіру мен айналымы қызметінің және мониторингін

уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Деректердің бірыңғай қорын енгізу темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының өзара байланысты теңгерімін жасаумен жүзеге асырылады.

4-тарау. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы бойынша қызметті
лицензиялау

11-бап. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласындағы
қызметті лицензиялау

1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы жөніндегі қызметті жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

2. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы жөніндегі өндірістік қызметтің мына түрлері лицензиялауға жатады:

1) темекі өнімдерін өндіру;

2) темекі өнімдерін сақтау және көтерме сату.

3. Темекі өнімдерін өндіруге лицензия темекі өнімдерін сақтауға және көтерме саудаға рұқсат береді.

12-бап. Лицензия күшін тоқтата тұру және қайтарып алу

1. Темекі өнімдерін өндіру, сақтау мен оның айналымына лицензия күші заңнамада белгіленген тәртіппен алты айлық мерзімге дейін мына жағдайларда тоқтата тұрылуы
м ү м к і н :

1) осы Заңды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған лицензиялау
е р е ж е с і н б ұ з у ;

2) уәкілетті органның лицензиаттың біліктілік талаптарын бұзуын анықтау;

3) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы көлемдерін мәлімдеудің белгіленген

тәртібінің бұзылуы (темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы туралы мәлімдеменің бұрыс көрсетілуі және (немесе) белгіленген мерзімде тапсырылмауы);

4) лицензия берілген күннен бастап жыл барысында лицензияланатын қызметті жүзеге асырмау;

5) лицензиаттың анықталған бұзушылықтарды жою туралы лицензиардың талаптары мен өкімдерін орындамауы;

6) лицензиарға уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тізбе бойынша мәліметтерді беруден бас тарту немесе дәл емес ақпаратты тапсыру;

7) стандарт талаптарына сәйкес келмейтін темекі өнімдерін өндіру немесе сату;

8) темекі өнімдерін акциздік алым маркаларымен таңбалау ережелерін бұзу;

9) лицензияда көрсетілмеген мекен-жай бойынша темекі өнімдерін өндіру, сақтау және айналымға түсу;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған темекі өнімдерін көтерме сату ережелерін бұзу;

11) шығу тегі анықталмаған темекі өнімдерін анықтау.

2. Темекі өнімдерін өндіруге, сақтауға және көтерме сатуға, бөлшектеп сатуға лицензиялар "Лицензиялау туралы" Z952200_ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін.

3. Лицензияны қайтарып алған жағдайда жаңа лицензия қайтарылып алу күнінен бастап есептегенде бір жыл өткен соң қайта берілуі мүмкін.

13-бап. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы, темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнаманы бұза жүргізілсе, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке тартылады.

2. Шыққан жері анықталмаған, мемлекеттік стандарттарға,

санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін темекі өнімдері белгіленген тәртіппен тәркіленуге және жоюға жатады.

14-бап. Осы Заңның қолданысқа ену мерзімі

Осы заң ресми түрде жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК